Келісемін ____________
мектеп директорының
тәрбие орынбасары
А.А.Нагымов

Бекітемін ____________
мектеп директоры:
М.А.Умбеталин

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі кітапханасындағы

«Оқуға құштар мектеп» жобасының

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

| № | Атқарылатын іс шаралар | Мақсаты | Орындалу мерзімі | Сынып | Өткізілу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 22-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім» Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына шолу | Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету; Ақын өмірі мен шығармаларын таныстыру | Қыркүйек | 6-7 сыныптар | Көрме | Кітапханашы |
| 2 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай | Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру | Қыркүйек | 5-7 сыныптар | Кітап көрме | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 3 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсарин, Б.Соқпақбаев кітаптарын оқып әңгімелеп беру | Өз ойларын толық жеткізе білу | Қазан | 2-4 сыныптар | Сынып сағаты | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 4 | Жазушы Кемел Тоқаев туғанына 100 жыл толуына орай библиографиялық шолу | Ақынның шығармаларын, оның қызметі мен шығармашылығы жайындағы әдебиеттерді тауып оқуға, қазақ әдебиетінің озық туындыларын насихаттау. | Қазан | 5-11 сыныптар | Көрме | Кітапханашы |
| 5 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат | оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту. | Қазан | 5-9 сыныптар | Кітап оқу | Кітапханашы |
| 6 | «Рәміздерім-мақтанышым» кітап көрмесі | оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру. | Қазан | 1-4 сыныптар | Көрме | Кітапханашы |
| 7 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында « Мен және менің отбасым» | Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. | Қараша | 1-4 сыныптар | Отбасылық оқу дәстүрі | Кітапханашы Сынып жетекші |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қандай кітап оқиды? | Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру. | | | | |
| 8 | Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы Тенгенің (1993) алғашқы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл | Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру | Қараша | 5-7 сыныптар | Көрме | Кітапханашы |
| 9 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жазушы-драматург Қалижан Бекқожиннің (1943) туғанына 80 жыл | Жазушының өмірі мен шығармаларын таныстыру | Қараша | 5-10 сыныптар | Көрме, шығармалары на шолу | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 10 | 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік жетістіктері» атты кітап көрмесі | Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау | Желтоқсан | 5-7 сыныптар | Көрме | Кітапханашы |
| 11 | «Желтоқсан жаңғырығы» Желтоқсан оқиғасына орай кітап көрмесі | Желтоқсан оқиғасымен таныстыру | Желтоқсан | 10-11 сыныптар | Кітап көрмесі, слайд | Кітапханашы |
| 12 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл» танымдық сабақ | Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге ұғындыру.Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету | Қаңтар | 8-9 сыныптар | Көрме, ашық сабақ | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 13 | «Мақтан тұтар ұлы тұлға-Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев» | Өмір жолы, еңбегі және шығармаларымен таныстыру | Қаңтар | 6-8 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» | Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету. | Қаңтар | 2-сынып | Қойылым | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 15 | «Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады» | Оқушының ой-өрісін дамыту,іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. | Ақпан | 9-11 сыныптар | Дебат | Кітапханашы Қазақ тілі мұғалімі |
| 16 | «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу | XX ғасырдың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таңыстыру. Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу. | Ақпан | 1-11 сыныптар | Оқу сағаты | Кітапханашы |
| 17 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Мағауин | Білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру | Ақпан | 5-11 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 18 | 1- Наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз» | балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. | Наурыз | 2-4 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы |
| 19 | «Қош келдің, әз наурыз!» | Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. | Наурыз | 2-11 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы |
| 20 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі- тәрбие көзі» | Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту. | Наурыз | 5-9 сыныптар | Тәрбие сағаты | Кітапханашы Сынып жетекші |
| 21 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қ. Сәтбаев туғанына 125 жыл | Қ.Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет | Сәуір | 5-6 сыныптар | Ашық сабақ | Кітапханашы Сынып жетекші |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | беру. Адамгершілік қасиеттерге ие жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. | | | | |
| 22 | 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Қазақстан достық мекені» | Оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. | Мамыр | 8-9 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы |
| 23 | 7-Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт ел қорғаны» | Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңда арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу; отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа, шыншылдыққа баулу. | Мамыр | 3-4 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы |
| 24 | 9-Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын әлемде» | Балаларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға баулу.Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру,оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу. | Мамыр | 6-8 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы |
| 25 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында І.Жансүгіровтың туғанына 130 жыл | Ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту. Ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу. | Мамыр | 2-4<br>5-7 сыныптар | Кітап көрмесі | Кітапханашы<br>Сынып жетекші |

Кітапханашы Г.М.Дильмагамбетова

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі

1. Дильмагамбетова Гульнара Майдановна, білімі –орта арнаулы. 2014 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты базасында біліктілікті арттыру курсынан өттім.
2. 24 қазан- "Кітапханашылар күні" қарсаңында мектебіміздің кітапханашысы Дильмагамбетова Гульнара Майдановна Мәртөк ауданының білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталды.
3. Мектеп кітапханасы 44 шаршы метр аумақты құрайды. Оқу залы жоқ. Оқушылардың саны 104, мұғалімдер саны 28, кіші қызметкерлер 15
4. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 2023-24 оқу жылының есебі
«Оқуға құштар мектеп» жоба аясында: оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында

Мектептің фойесінде оқушылардың үзілісін тиімді және көңілді өткізу мақсатында бастауыш сынып оқушыларына кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларды жаңадан келген әдеби кітаптармен таныстырып, шолу өткіздім. Кітапханада үлкен үзілісте оқушылар келіп кітап оқиды.
"Мен оқимын, сенде оқы". Күзгі демалыс кезіндегі "100 кітаппен танысамыз" көрмесі.
https://www.instagram.com/p/CzJwiqJIWz_/?utm_source=ig_web_copy_link
«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясында оқырмандармен кездесу
https://www.instagram.com/reel/CzK78qFI4K9/?utm_source=ig_web_copy_link
"Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз"
https://www.instagram.com/reel/CzK8YOzIEnq/?utm_source=ig_web_copy_link
15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл толды. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясында Ұлттық валюта теңге күніне орай мектеп кітапханашысы 3-сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды
https://www.instagram.com/reel/CzpoM3MikSd/?utm_source=ig_web_copy_link
6-11 кластар аралығында " Оқырмандар отырысы" өткізілді! Үнемшілік тақырыбын сөз еткен " Әке мен бала әңгімесі" оқушыларға ерекше тақырып болды! Шетелде оқып, озық елдің мәдениетімен танысып келген жас бала әкесіне қазақтардың той тойлауын, мемлекет қазынасын үнемдемеуін, жұртқа мақтану мақсатындағы көлік, үй, мүлік алып жарысуын және жұрт үшін өмір сүретіндігін шебер сынайды. Әңгіме жастарды ысырапшыл болмауға, қолдағы барды дұрыс қолдануға, сол арқылы биік мақсаттарға жетуге болатындығын насихаттайды. " Судың да сұрауы бар" дегендей ысырап қылмай өмір сүруге ұмтылу керек. Әңгімені талдау барысында ерекше ынтасымен көзге түсіп, " Аптаның үздік оқырманы" атағына -Жангазина Руслана ие болды!
https://www.instagram.com/p/Czsefa9Im61/?utm_source=ig_web_copy_link
Кітап оқудан тыйылғанда-ойлаудан да тыйыламыз" демекші, кітап оқу арқылы таным көкжиегінің кеңейетінін біздің оқырмандар жақсы біледі. Сол себепті отырыс
М. Кенжебаевтың "Кісі ақысы" тақырыбындағы мағыналы әңгімесіне арналды. Аталмыш әңгіменің ұрпақ тәрбиесіне берер тәлімі мол. М.Кенжебаевтың " Кісі ақысы" әңгімесі қоғамда қордаланып жатқан күрделі мәселені танытады. Автор туындыдағы басты кейіпкер тағдыры арқылы оқырманын оңай жол арқылы пайда табудан сақтандырып, арамдық пен қатыгездіктен, парақорлықтан жиреңдіріп, адамдық қасиеттер мен асыл құндылықтарды дәріптейді. Әсіресе, кісі ақысының қаншалықты маңызға ие екендігін айғақтайды. Аталмыш шығарма бойынша ұтымды ой айтып, өзіндік сыни көзқарасын білдіруде оқ бойы оза шапқан апта үздіктері: 9 сынып оқушысы Шамсонов Тамерлан - "Зерек оқырман" номинациясымен, 6 сынып оқушысы Жұмабек Көркем - " Аптаның үздік оқырманы" номинациясымен, 6 сынып оқушысы Бернгардт Карина -" Алғыр оқырман"

номинациясымен марпатталды.
https://www.instagram.com/p/C1PBz7qoF4g/?utm_source=ig_web_copy_link
“Бір ел – бір кітап” акциясы аясында 2024 жыл бойына ел болып қазақ прозасына ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқу ұсынысы қабылданды
https://www.instagram.com/p/C2_zd1oIuXb/?utm_source=ig_web_copy_link
Мұқағали Мақатаевтың 93 жылдығына орай 4 сынып оқушылары ақынның өлеңдерін оқыды. Артына өшпес із, жалынды жырлар қалдырған ақынның есімін, ұлт руханиятына ағынды арна болып қосылған әдеби мұралары мен өшпес жыр-дастандарын қалай насихаттап, көкке көтерсек те артық болмас.Мақсаты: Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, ақынның өлеңдеріне арнап салынған қылқалам туындыларымен таныстыру. Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.
https://www.instagram.com/p/C3IkhiXoIys/?utm_source=ig_web_copy_link
Орыс тілі мен әдебиеті апталығы аясында “Оқуға құштар мектеп” жобасы негізінде 2-4 сынып оқушылары арасында “Путешествие по сказкам” тақырыбында сыныптан тыс іс шара ұйымдастырылды. Нәтижесінде: 1 орын- 3 сынып оқушысы Орал Аллан, 2 орын- 3 сынып оқушысы Умбеталина Самина, 3 орын- 2 сынып оқушысы Жұмабек Айсана иемденді. https://www.instagram.com/p/C3Va85xoNF2/?utm_source=ig_web_copy_link
23-сәуір “Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық” күніне орай 1-класс оқушыларымен “Кітаптың шығу тарихы” тақырыбында мектеп кітапханасына саяхат жасалды.
https://www.instagram.com/p/C6GQeiAo6Op/?utm_source=ig_web_copy_link
23-сәуір “Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық” күніне орай 1-класс оқушыларымен “Кітаптың шығу тарихы” тақырыбында мектеп кітапханасына саяхат жасалды.
https://www.instagram.com/p/C6GQodyIISs/?utm_source=ig_web_copy_link
23-сәуір “Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық” күніне орай 1-класс оқушыларымен “Кітаптың шығу тарихы” тақырыбында мектеп кітапханасына саяхат жасалды.
https://www.instagram.com/p/C6GQsw3I49c/?utm_source=ig_web_copy_link

«Оқуға құштар мектеп" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады. Оқырмандар Шерхан Мұртазаның “Интернат наны” әңгімесін жан- жақты талдады . Аптаның ең үздік оқырманы болып 7 сынып оқушысы Дарғабаева Гүлнұр марапатталды.
https://www.instagram.com/p/CpcILSgo4bI/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады. Оқырмандар Шерхан Мұртаза “Жүз жылдық жара” әңгімесін жан- жақты талдады . Аптаның ең үздік оқырманы болып 9 сынып оқушысы Күзенбай Бақдәулет
https://www.instagram.com/p/Co2U8-dI0QQ/?utm_source=ig_web_copy_link

Орыс тілі апталығында 2- 4 сынып және 5- 10 сынып оқушылары арасында "Лучший чтец" конкурсы ұйымдастырылды. Сайысқа 19 оқушы ниет білдіріп қатысты. Нәтижесінде: 5- 10 сынып оқушылары арасында: 1 орын- Испанова Жұлдыз 10 сынып оқушысы, 2 орын- Жубаназарова Ботажан 6 сынып оқушысы, 3 орын- Жангазина Руслана 8 сынып оқушысы. 2-4 сынып оқушылары арасында: 1 орын- Адилов Қалиахмет 4 сынып оқушысы, 2орын- Арыкбаева Гульфайруз 3 сынып оқушысы, 3 орын- Умбеталина Самина 2 сынып оқушысы.
https://www.instagram.com/p/CoiFzh5NRnw/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады..
Оқырмандар Әкім Таразидің “Әнім сен едің" әңгімесін жан- жақты талдады
https://www.instagram.com/p/CoC5dflozbI/?utm_source=ig_web_copy_link

Наурыз думан басталып кетіп, жер-жерлерде тойланып жатыр. Сондай шаралардың бірі мектебімізде өтті. Шара барысында барлық оқушылар нағыз мерекені сезініп, салт-дәстүрді меңгере алды.

https://www.instagram.com/p/CpxFTbBImK5/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында қысқы демалыста оқушылар мектеп кітапханасынан «Жер әлемінің білімдары» кітабын бастауыш класс оқушылары алып оқуда. https://www.instagram.com/p/CnOWNJ8IaIW/?utm_source=ig_web_copy_link

Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты челленджін қабылдау.
4 сыныпта «Кітап- сарқылмас бұлақ» тақырыбында сынып сағаты өтті.
Сынып сағатының мақсаты – оқу жылының қорытындысын шығару және жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу.
Сынып сағаттарында негізінен патриотизм, отанды сүю, достық, татулық, ел тарихына, саяси репрессия мен аштық құрбандарының есімдеріне құрмет таныту сынды ақпараттар айтылды.

"Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!" Қазақстан Халқы Тілдерінің күніне орай ұйымдастырылған орыс тілінде өлең шумақтарын мәнерлеп айту челленджіне оқушылар қатысты. 5 қыркүйек- ҚР Тілдер мерекесіне орай "Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ тілтану ғылымының атасы" тақырыбында конференция өткізілді. Конференцияның мақсаты: ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі, әдебиет теориясына қосқан сүбелі үлесі және қазақ қоғамының дамуына сіңірген ерен еңбегін жас ұрпаққа насихаттау.
https://www.instagram.com/p/CxOL3ozopZW/?utm_source=ig_web_copy_link

Жас ұрпақтың рухани байлығын, ой-өрісін дамытуда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы-кітап Қанша технология шықса да кітапты ауыстыра алмасы анық. Кітап оқу-бұл тек бос уақытты қызықты өткізу ғана емес, сонымен қатар тұлға болып қалыптасуға орасан зор көмегі тиетін өте пайдалы іс. Біздің оқырмандар да " Болашақ-менікі!" дейтін алғыр жастар. Осы аптада оқырмандарымыз жазушы, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры - Шерхан Мұртазаның " Тәуекел той" әңгімесін жан - жақты оқып-талдады, өзіндік ой түйді. Аптаның ең үздік оқырманы атағын 10 класс оқушысы Керімбаева Нұршат иемденді. Нұршатпен иық тіресе көзге түсіп, белсенділік танытқан -Ізімғали Мәншүк пен Шамсонов Темірлан да ерекше дайындық үлгісін көрсеткен болатын.Оқырмандарымыздың кітапқа қызығуы, ерте жастан кітаппен дос болуы-болашақтағы саналы тұлға болуының негізі деп есептеймін! Себебі, кітап-ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына https://www.instagram.com/p/CyWa2emLUGq/?utm_source=ig_web_copy_link

Оқуға құштар жастардың оқырмандар отырысы өтті. Тоқсандық қорытынды отырыс ұлтқа қызмет ету тақырыбын арқау еткен Г. Петровтың "Финляндия-ақ лала гүлдер мекені" кітабының " Казарма" , "Футбол" бөлімдеріне арналды. Мемлекеттің өсіп-өркендеу жолындағы маңдай тердің иісі шығатын бұл кітап-баршамызға үлгі. Кітапта ешқандай қарусыз да, қаржысыз да білімнің күшімен " Бір ұлтты оята" алған қаһарманның шынайы бейнесі суреттеледі. Осы шығарманы оқу арқылы оқырмандар " Біз еліміз үшін не істеп жатырмыз? Ұлтымыздың болашағына қандай рөл атқарамыз?" сұрақтарына жауап іздеп көрді. " Суреттер сөйлейді", " Тізбекті сұрақ" әдістері шығарманы креативті талдауға мүмкіндік берді. Оқырмандар ерекше дайындық үлгісін танытып, шығарма жан-жақты талданды. Тәрбие ісінің меңгерушісі Асылбек Ахметович шығарманың тарихи маңызын түсіндіріп, қосымша ақпараттармен бөлісті. Нәтижесінде ерекше ынтамен көзге түскен 9-класс оқушысы Ізімғали Мәншүк -"Аптаның ең үздік оқырманы" атағына ие болса, 10-класс оқушысы Керімбаева Нұршат - " Алғыр оқырман", Хожағали Диас - " Ділмар оқырман"

номинациясына ие болды. " Кітап оқымай бастаған сәттен-ойлау да тоқтайды" демекші, жас буынды кітап оқып, зейінін ашуға шақырамыз!

https://www.instagram.com/reel/CzAukJ6Ic3k/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушылардың халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 5-11 оқушылары арасында "Мақал- сөздің мәйегі" тақырыбында мақал- мәтелдерді жатқа айту сайысы ұйымдастырылды

Білім алушылардың арасында 12 сәуір- Дүниежүзілік космонавтика және авиация күніне тақпақтар айтылды .

2023-2024 оқу жылында мектеп кітапханасына алынған оқулықтар саны

| № | Атауы | саны | Жалпы соммасы |
|---|---|---|---|
| 1 | ТОО "Корпорация "Атамура" | 53 | 139804 |
| 2 | ТОО "Алматыкітап баспасы" | 57 | 162624 |
| 3 | ТОО "Мектеп" | 8 | 20048 |
| 4 | ТОО "Издательство "Арман-ПВ" | 16 | 47310 |
| 5 | АОО "НИШ" | 20 | 54600 |
| 6 | "Express Publishing" (Еду стрим) | 10 | 39000 |
| 7 | Фолиант художка | 45 | 120244 |
| 8 | Общественный Фонд "Мазмұндама" | 40 | 176300 |
| 9 | Аруна | 20 | 9540 |
| | Барлығы | 269 | 769 470 |

2023 - 2024 оқу жылы басындағы мектеп кітапханасындағы деректер

| | |
|---|---|
| "Кітаптар саны барлығы (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиеттерді, кітапшаларды, журналдарды қосқанда) (мың дана) / | 8541 |
| қазақ тілінде | 3957 |
| орыс тілінде | 4441 |
| басқа тілінде | 143 |
| оның ішінде мектеп оқулықтары (мың дана) | 5347 |
| қазақ тілінде | 2705 |
| орыс тілінде | 2503 |
| басқа тілінде | 139 |
| оның ішінде мектеп көркем әдебиеттері (мың дана) | 3135 |
| қазақ тілінде | 1197 |
| орыс тілінде | 1938 |
| басқа тілінде | 0 |
| қалған кітаптар, брошура, журнал, сөздік т.б. | 59 |

2023-2024 оқу жылында төмендегідей оқулықтар есептеп шығарылуға жоспарланып отыр.

Комиссия мүшелері барлық жарамсыз, 686 (алты жүз сексен алты) дана, 453580 (төрт жүз елу үш мың бес жүз сексен) теңге тұратын 2014, 2016, 2017, 2018, 2019 жылы шыққан оқулықтар кітапхана қорынан шығарылсын және оқулықтардың есептен шыққандығы жөнінде есеп кітабына белгі қойылсын деп шешті.

| № | Атауы | Саны | Шыққан жылы | Балансттық құны | Тозу | Қалдық құны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | оқулықтар | 183 | 2014 | 120411 | | 120411 |
| 2 | оқулықтар | 327 | 2016 | 226117 | | 226117 |
| 3 | оқулықтар | 171 | 2017 | 102512 | | 102512 |
| 4 | оқулықтар | 2 | 2018 | 1816 | | 1816 |
| 5 | оқулықтар | 3 | 2019 | 2724 | | 2724 |
| | Барлығы | 686 | | 453 580 | | 453 580 |

Мектеп кітапханасы жаңа сөрелермен, дөңгелек үстелмен толықты.

Мектеп директоры: М.А.Умбеталин